



2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық құқыққа кіріспе





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқыққа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Британдық заң тілінде «авторлық құқық» дегеніміз – кітаптар, әндер, фильмдер мен компьютерлік бағдарламалар сынды түрлі мәдени игіліктерді жасау мен пайдалануды реттейтін интеллектуалдық меншік құқығы саласын сипаттауға арналған термин. Авторлық құқықпен қорғалған материалды емес игіліктің ерекшелігі – ол автоматты түрде пайда болып, әдетте автордың мүддесіне қызмет етеді. 1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, дизайнер және патенттер туралы Заң (CDPA 1988) британдық авторлық құқықтың негізгі арқауы болып табылады, әйтсе де, ол бүгінге дейін елеулі өзгерістерге ұшырады. Британдық авторлық құқық туралы көзқарас-пайымымызға көптеген факторлар әсер етеді. Жалпылай алғанда, британдық авторлық құқық туралы таным-түсінігіміз біздің оны өзге құқықтық режимдермен байланыста қарамауызға қарай қалыптасқан. Әсіресе, Біріккен Корольдіктің (және басқа «Англо-саксондық» елдерінің) авторлық құқық туралы заңы азаматтық құқық негізіндегі *droit d'auteur* жүйесінен (мысалы Франциядағыдай) өзгеше, тіпті көп жағынан оған кереғар. Қазақстан Республикасының авторлық құқығы роман-германдық елдердің заңнамасына сәйкес құрастырылған. 1988 жылғы заң қабылдағаннан кейін британдық авторлық құқық туралы заң түрлі санаттар арасындағы ресми айырмашылықтарды жойды, дегенмен заңның екі нысанының жалпылама категориясы: «авторлық туындылар» және «кәсіпкерлік туындылар» арасындағы айырмашылық бар. Бұл екі санат арасындағы айырмашылықтар көптеген құқықтық жүйелерде байқалады. «Автордың құқықтары» деп «автордың» өзі жазған кітаптары, қойылымдары, музыка, өнер туындысы және фильмдер сынды туындыларды атаймыз. Керісінше, «сабақтас құқықта» (олар кейде «аралас құқықтар» немесе *droits voisins* деп аталады), дыбыс жазу, хабар тарату, жарияланған басылымның типографиялық форматы сынды «кәсіпкерлер» жасаған жұмыстарға орай пайда болады. Заң нысанының бұл екі санаты арасындағы айырмашылық мына фактімен түсіндіріледі: сабақтас құқықтар әдетте туынды шығарма, себебі, бұрыннан бар авторлық туындыны пайдаланып, одан әрі жетілдіреді.

Әркімнің мүддесіне қарай, көптеген түрлі тақырыптар мен бағыттарды бөліп қарауға болады. Мысалы, авторлық құқық тарихы аясында туынды иесіне берілген құқықтар мен авторлық құқық объектілерінің бірте-бірте кеңейгеніне, автор түсінігін қалыптастырудағы авторлық құқық рөлін немесе авторлық құқықтың белгілі бір мәдени парадигмаларға тигізген ықпалын қозғауға болар еді. Британдық авторлық құқық туралы заң тарихы, көбінесе, 1709-1710 жылдары қабылданған Анна Статутынан, немесе кейде XVI ғасырдағы кітап саудасын реттеу тәжірибелерінен таратылады.

Тек 1911 жылы Авторлық құқық туралы заң қабылданғанда ғана, Ұлыбританиядағы авторлық құқық оңтайланып, бір ізге түсіп, қазіргідей заманауи, жинақы һәм жан-жақты ойластырылған заң түріне айналды. Көбінесе, қорғау туындының авторы өмірден өткеннен кейін 50 жылға дейін созылатын. Сонымен бірге, 1911 жылғы заң авторлық құқықты тіркеудің формалды талаптарын алып тастады.

1952 жылы қайта сараптаудан кейін, 1911 жылғы заңның орнына 1956 жылы Авторлық құқық туралы заң қабылданды. 1977 жылғы кезекті жалпылама сараптаудан кейін, 1956 жылғы заңға қайта қарау ұсынылды. Біршама талқылаулар мен өңдеулерден кейін, бұл ұсыныстар негізінде 1988 жылы Авторлық құқық, дизайн және патент туралы заң қабылданды. 1988 жылғы заң авторлық құқық иелеріне берілетін құқықтар ауқымын барынша кеңейтті. Көбінесе, бұл өзгерістер ЕО директивалары жүктеген міндеттемелердің пәрменділігін күшейту мақсатында жасалды. Мысалы, құқық иеленушінің рұқсатынсыз Интернетке шығып кеткен материалға сілтеме жасайтын блоггер (әсіресе, ол коммерциялық блог болса) арнайы рұқсат алуы керек.

Әсіресе, авторлық құқық қажет пе (және неге) деген сұрақты қоюымыз керек. Бұл тұрғыда, авторлық құқықты барлығы бірдей құптамайтынын айта кеткен жөн. Шын мәнінде, Интернет пайда болғалы бері авторлық құқық жаңа ортаны барынша пайдалану мүмкіндігімізді тұмшалауда немесе қоғамдық игілікке нұқсан келтіруде деп ойлайтындар өте көп. Ал, басқалары авторлық құқықтың кейбір аспектілері орынды, кейбірі ақылға сыйымсыз деп ойлайды. Әдетте, авторлық құқық туралы заң тым қатал деген уәж айтылады. Авторлық құқықтың мұндай скептиктері мен сыншыларына жауап ретінде оның мойындалуын (және ары қарай ұлғаюын) жақтаушылар алты негізгі аргументті алға тартады.

- (i) табиғи құқық аргументтері;
- (ii) сыйақы аргументтері;
- (iii) сөз еркіндігіне қатысты аргументтер,
- (iv) ынталандыру аргументтері;
- (v) неолиберал экономика; және
- (vi) демократия аргументтері.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқыққа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Табиғи құқық теоретиктерінің пікірінше, авторлық құқық одан қоғам пайда көреді деген оймен емес, керісінше, осылай ету дұрыс әрі орынды болғандықтан қорғалады. Дәлірек айтқанда, жекелеген автордың ақыл-ой еңбегінің жемісі болғандықтан, интеллектуалдық өнімдердің меншік құқығын мойындаған дұрыс. Әрбір адамның табан ет, маңдай терімен жасаған еңбегінің жемісіне табиғи құқығы бар дейтін Локке идеясына сәйкес, автор интеллектуалдық еңбегінің табиғи құқығына ие.

Сыйақы аргументіне сәйкес, автордың туындыны жасауға жұмсаған күш-жігері, оны жұртшылыққа жеткізуінің лайқатты өтемі болғаны дұрыс деп ойлайтындықтан, авторлық құқық қорғалады. Авторлық құқық – қоғамның күткен үдесінен шыққаны үшін немесе өзінің солай істеуге борышты екенін сезінгені үшін авторға көрсетілген заңды құрмет. Бұл орайда, Авторлық құқық беру қарызды қайтаруға ұқсайды.

Сыйақы берудің әлеуметтік және экономикалық құны арзанырақ түрлері де бар. Бұл сынға айтылатын әдеттегі жауап мынадай: авторлық құқық сыйақы кімге әрі қанша мөлшерде берілуі керектігін бұқараның өз бетінше анықтауына мүрсат береді. Неғұрлым көбірек кітап даналары сатылса немесе дыбыс жазбасы радиодан неғұрлым көбірек ойналса, авторлық құқық иесіне соғұрлым мол сыйақы түседі. Демек, меншік құқығы сыйақының қоғамның жұмысты бағалауымен пропорционалды болуын қамтамасыз ететін ең жақсы жол.

Қазіргі таңда, авторлық құқық пен коммуникация арасындағы байланысқа маңыз артатын ғалымдар қатары артып келеді. Олар авторлық құқықты не «көзқарас дербестігін» сақтауға мүмкіндік беретін құрал, не осындай дербестікті негізсіз шектеу ретінде елестетеді. Түпнегізі неміс философы Иммануил Кантқа барып тірелетін филофиялық пайымға салсақ, авторлық құқық автор өзі рұқсат еткен тұлғаларға ғана өз атынан «сөйлеуге» мүмкіндік беретін заңды механизм қызметін атқарады.

Ынталандыру аргументіне сәйкес, кітап, музыка, бейнелеу өнері туындылары мен фильмдер сынды мәдени объектілерді жасау әрі оларды көпшілікке тарату - маңызды әрі аса құнды қарекет саналады. Сондай-ақ, бұл аргумент авторлық құқықпен қорғалмаса, мәдени объектілерді жасау әрі тарату ұтымды деңгейде жүрмейтінін қаперге салады. Өйткені жұмысты атқару қымбатқа түссе де, ол жариялана салысымен тез, әрі оңай көшіріледі. Мысалы, кітапты жазуға көп уақыт пен күш жұмсайсың, бірақ жарияланғаннан соң оны оңай әрі арзанға репродукциялауға болады. Демек, егер авторлық құқықпен қорғалмаса, Бентли, Шерман, Гангжи және Джонсонның интеллектуалдық меншік құқығы кітабын бәсекелес біреу өнімнің бастапқы құнын төлемей-ақ қайта басып шыға алады.

Авторлық құқықты жақтайтын утилитарлық аргументке қарсы, әдетте, үш сыни пікір айтылады. Кейбіреуі «Өнімді ұлғайту үшін ынталандыру шарасы қаншалықты қажет?» деген сұрақ қояды. Әлемде авторлық құқықсыз-ақ түрлі туындылар дүниеге келіп, таратылған. Ал басқалары «нарықтағы олқылықтың» орнын толтыру үшін жасанды ынталандырудың қажеттігін мойындаса да, айрықша меншік құқығын беру – ынталандырудың лайқатты түрі екеніне күмәнмен қарайды.

Егер экономикалық теория авторлық құқықты туындыны дүниеге әкелу немесе жариялаудың ынталандыратын амалы ретінде тар құқықтық аяда таныса, оған балама неолиберал экономикалық теориясы барлық дерлік «құндылықтардың» қорғалуын құптайды. Аталмыш философиялық мектеп ұстанымына сәйкес, ресурстың жекеменшікте болуы оны ұтымды пайдалануға жағдай жасайтын заңдық механизм саналады. Шекспир, Моцарт, тіпті Джереми Бентамның туындыларымен неғұрлым көп адам танысса, соғырлым жақсы. Дәлірек айтқанда, “демократиялық парадигма” авторлық құқықты азаматтық қоғамның тәуелсіз әрі плюралистік көзқарасын күшейтуге арналған маңызды мемлекеттік шара ретінде бағалайды.

Әртүрлі теориялардың философиялық түп-төркіні салыстырмалы түрде әртүрлі болғанмен, оларды әркілі тұжырымдарға қосқан кезде астарындағы болмашы өзгешеліктерге аса мән беріле қоймайды. Керісінше, алты аргумент бір-біріне жымдасып, үйлесім табады. Шын мәнінде, бұрын-соңды қорғалмаған туындыларға құқықтық қорғау талап етілгенде немесе осындай туындылардың құқықтық ауқымы заң жүзінде кеңейтілгенде, аталған алты негіздеменің бәрі қолданылатын жөні бар.

Халықаралық трендтер мен дамудың британдық авторлық құқық туралы заңға тигізген ықпалы тұрақты талқыланатын тақырыптардың біріне айналды. Дереккөздер өзгергенімен, қазіргі қолданыстағы заңның еш айырмашылығы жоқ. Британдық авторлық құқық туралы заңға бірқатар халықаралық шарттар әсер етті. Олар: Берн конвенциясы; Рим конвенциясы; интеллектуалдық меншік құқығының сауда аспектілері жөніндегі келісім (TRIPS); Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымының Авторлық құқық жөніндегі шарты және ДЗМҰ Орындаушылық және фонограммалар жөніндегі шарты, Аудиовизуалды орындау туралы Пекин келісімі; сондай-ақ, Зағиптар мен көзі нашар көретіндерге, басқа да мүмкіндігі шектеулі жандарға ақпараттың қол жетімділігін жеңілдету жөніндегі Марракеш шарты.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқыққа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Ұлыбританияның авторлық құқық туралы заңының дамуына ерекше әсер еткен маңызды халықаралық құжаттардың бірі - Әдебиет және өнер туындыларын қорғау туралы Берн конвенциясы. Берн конвенциясы басым көпшілігі еуропалық табылатын бірнеше ел арасында құқықтарды өзара мойындау туралы шағын келісім ретінде 1886 жылы қабылданған еді. Содан бері, келісім бірнеше рет қайта қаралып, «Берн Одағына» мүше елдердің саны 175-ке дейін артты. Берн конвенциясының бастапқы нұсқасында екі басты норма болды. Біріншісі - «ұлттық режим» қағидатын қабылдау. Оған сәйкес, Одаққа мүше елдер өз азаматтары мен басқа мүше-мемлекет азаматына бірдей қарауы керек. 65 Мысалы, ұлттық режим қағидатына сай, Франция заңы француз авторларына қандай құқық қамтамасыз етсе, британ азаматына да дәл сондай құқықтық қорғауды беруі тиіс.

Берн конвенциясы әдебиет, өнер туындыларын, соның ішінде кинематография туындыларын ғана қамтиды. Ал, фонограмма продюсерлерінің, орындаушылар мен эфирлік және кабелдік хабар тарату ұйымдары құқықтарының халықаралық деңгейде мойындалуы өзге құжат аясында реттеледі. Аталған «сабақтас құқықтар» туралы халықаралық келісім 1961 жылы Рим конвенциясының аясында жасалды. Берн конвенциясы сияқты, Рим конвенциясы да «ұлттық режимді» негізгі қағидат ретінде ұстанады. Ұлттық режим мыналарға: келісімге қатысушы-мемлекет аумағындағы, сондай-ақ дыбысы таспаланған немесе қорғалған трансляциялар арқылы таратылған орындауларға; қатысушы-мемлекеттер азаматтары жасаған, қатысушы-мемлекетте тіркелген немесе алғаш рет сонда жарық көрген дыбыс жазбаларына; қатысушы-мемлекет аумағында орналасқан эфирлік және кабелдік хабар таратушы ұйымдардың трансляцияларына немесе қатысушы-мемлекеттің аумағынан басқа трансляцияларға қолданылуы тиіс.

Сонымен бірге Рим конвенциясы бойынша фонограмма жасаушылардан, орындаушылардан, сондай-ақ эфирлік және кабелдік хабар таратушылардың бірқатар материалдық-құқықтық өкілеттігі болуын талап етеді. Орындаушылар үшін бұл құқықтар салыстырмалы түрде шектеулі. Фонограмма жасаушылары мен эфирлік және кабелдік хабар тарату ұйымдарына әлдеқайда оңтайлы жағдай жасалған. Фонограмма жасаушылар, мысалы, дыбыс жазбаларын репродукциялау құқығын 20 жыл бойына сақтай алады. Ал, эфирлік және кабелдік хабар тарату ұйымдарына хабарларын алғашқы таратылған сәттен бастап кем дегенде 20 жыл бойы ретрансляция, фиксация жасауға және фиксацияланған хабардың репродукциясына рұқсат беретін немесе тыйым салатын айрықша құқық беріледі. Эфирлік және кабелдік хабар таратушы ұйымдар, сонымен бірге, қоғамдық орындардағы телевизиялық трансляцияларды бақылауға құқығына ие82

Рим конвенциясында бір-бірімен қарама-қайшы келіп қалған үш түрлі мүдде кейін маңызды мәмілеге келді: фонограммалар қоғамдық орындарда трансляцияланса немесе ойнатылса, қатысушы-елдер бір реттік әділ сыйақы төлеу құқығын қамтамасыз етуі тиіс.

Британияның авторлық құқығына әсер еткен үшінші маңызды халықаралық құжат – Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім (TRIPS). Аталған келісімде авторлық құқыққа қатысты бірнеше баптар бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – мүше-мемлекеттер Берн конвенциясының 1-21 баптарын орындауы тиіс. Соның этижесінде, енді Берн конвенциясының шарттарын сақтау бойынша даулар енді Дүниежүзілік сауда ұйымында (WTO) қаралады. TRIPS мүше-мемлекеттерден Рим конвенциясына қосылуды талап етпесе де, келісімнің 14-бабы мәні бойынша Рим конвенциясының баптарымен кәдімгідей ұқсас. (алайда, TRIPS бойынша қорғау мерзімі әлдеқайда ұзағырақ).

Мысалы, TRIPS -ке сәйкес, компьютерлік бағдарламалар Берн конвенциясындағы әдеби туындылар сияқты қорғалуы тиіс. Қорғау объектісіне деректер мен өзге де материалдардың компиляциялары да жатады, өйткені мұндай контенттің іріктелуі және реттелуі, өз кезегінде, «интеллектуалдық туынды» ретінде танылады.

1996 жылдың желтоқсан айында Женевада екі Шартқа келісімі жасалды: Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шарты (WCT) және Орындаушылық пен фонограмма жөніндегі WIPO шарты. Екеуі де қолданыстағы конвенцияларды толықтыруды, оның ішінде, технологиялық жаңалықтар мен тәжірибедегі өзгерістерді қамту мақсатында қабылданды.

Орындаушылық және фонограмма жөніндегі WIPO шарты (WPPT) Рим конвенциясын толықтыруға бағытталғанымен, ондағы кейбір нормалар эфирлік және кабелдік хабар таратушы ұйымдар құқықтарына емес, тек орындаушылар мен фонограмма өндірушілерінің ғана қатысты. WPPT орындаушылар фонограммаға жазылған орындаушылардың жағдайын жақсартты. WPPT-ға сәйкес, қатысушы тараптар барлық орындаушыларды дәл Рим конвенциясындағыдай бутлеггерлікке қарсы құқықтық қорғаумен қамтамасыз етуге міндетті. Бұл орындаушылар үшін «алдын алу мүмкіндігінің» салмағы артып, айрықша құқық айналғанын білдіреді.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқыққа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәдени материалдарға қол жеткізу кедергілеріне байланысты авторлық құқық заңының әсері біршама алаңдаушылық туғызды. Өйткені, репродукция мен адаптация жасау, сондай-ақ оны жұрт назарына жеткізу мен дистрибуцияға шектеу қою арқылы авторлық құқық баспа өнімдерінің Брайль көшірмелерін шығаруға кедергі келтіреді. Әсіресе, нарықтардың шағын болуы (олардың көбі дамушы елдерде) әрі ұлттық деңгейдегі ережеден тыс айрықша жағдайлардың әртүрлі қалыптасуы қиындық туындатады. Бұл айырмашылықтар ресурстарды халықаралық деңгейде қолжетімді етуді қиындатады. Соның нәтижесінде «кітап зәрулігі» пайда болды, зағиптерге, нашар көретіндерге және баспа өнімдерін пайдалануға мүмкіндігі шектеулі жандарға әлем әдебиетінің аз ғана бөлігі (1-7 пайыз аралығында) қолжетімді. Сонымен қатар, авторлық құқықты қорғауға арналған «технологиялық құлыптар» баспа өнімдерін автоматты түрде ауызша нұсқаға айналдыратын “read aloud» механизмін енгізудің алдын алуы мүмкін.

2006 жылғы БҰҰ конвенциясының ізін ала, WIPO Зағиптар, нашар көретіндер мен баспа өнімдерін пайдалануға мүмкіндігі шектеулі жандардың құқын қорғауға арналған арнайы шарт әзірлеуге кірісті. 2013 жылы қабылданған Зағиптар мен көзі нашар көретіндерге, басқа да мүмкіндігі шектеулі жандарға ақпараттың қол жетімділігін жеңілдету жөніндегі Марракеш шартының негізгі мәні де – қатысушы тараптарды зағиптар мен баспа өнімдерін пайдалану мүмкіндігі шектеулі адамдарға туындыларды қолжетімді ету мақсатында авторлық құқық туралы заңдарына шектеулер мен ескертпелер жасауды міндеттейді.

Аудиовизуалдық орындаушылық жөніндегі Пекин шарты күшіне енген жағдайда, қатысушы-елдерден актерлердің дәл WPPT шартында музыкалық орындаушыларға берілгендей құқықтармен қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл мәселе 1996 жылы қабылданған WIPO шарттарында АҚШ мүдделеріне қайшы келуіне байланысты алынып тасталған болатын, ал 2000 жылдың желтоқсанында Женевада өткен дипломатиялық конференция кезінде ортақ бір келісімге келе алмады. Осылайша, (Америка Құрама Штаттары қалауынша) қатысушы тараптарға таңдау еркі берілген: олар мұндай келісімді орындаушының фиксацияға қатысты экономикалық құқықтарын алдын-ала фильм продюсеріне беруді мақұлдауы ретінде тани алады немесе (ұлттық заңға сай жасалған аудиовизуалды жазбаларға қатысты) мұндай экономикалық құқықтар басқаға өтпес бұрын тікелей қол қойылған контрактіні және контракт шарттарына қарамастан, материалды қолданғаны үшін орындаушының роялти немесе әділ өтемақы алуын талап етуге мүмкіндіктері болады..

Соңғы 30 жылда Ұлыбританияның авторлық құқық туралы заңына Еуропалық бастамалар қатты әрсе етті, әрі олар өте маңызды. Өйткені әртүрлі еуропалық құжаттар (негізінен директивалар) осы саладағы интеллектуалдық меншік құқықтарын қашан және қалай мойындаулары тиіс (немесе мүмкін) екенін мүше-мемлекеттерге барынша ежіктей, егжей-тегжейлі, белгілейді. Өйткені, авторлық құқықтар мен сабақтас құқықтарға қатысты ұлттық заңдар арасындағы айырмашылықтар, Соттың күш салуына (әсіресе, таусылу доктринасына орай) қарамастан, ішкі нарықтағы сауда-саттыққа кедергілер келтірді. Келесі онжылдықта бағдарламамен қамтамасыз ету, кабельдік және жерсеріктік трансляция, жалға беру мен жалға алу құқықтары, «сабақтас құқықтар», авторлық құқықтың мерзімі, мәліметтер базалары, «ақпараттық қоғамда» роялти мен авторлық құқықтарды қайта сату сынды аспектілеріне қатысты директивалар сериясы жасалды және қабылданды. Бірден байқалатын тағы бір ерекшелігі – еуропалық заңнама авторлық құқықты қорғаудың «жоғары» стандарттарын орнатуға бағытталды. Мұның жарқын мысалы – Германиядан авторлық құқықты қорғау мерзімін (біраз мүше-мемлекеттерде қолданатындай) автордың өміріне қоса 50 жылға дейін қысқартуды сұраудың орнына, керісінше, бәрі бірауыздан Германия моделін қабылдауға, яки авторлық құқықты қорғау мерзімін автордың өмірі және ол дүниеден өткеннен кейін 70 жылға дейін ұзартуға шешім қабылданды. Авторлық құқықты қорғау шараларының күшейтілуі заңды оңтайландыру тұрғысынан түсіндірілгенімен, түпкі мақсат авторлық құқықты қорғауды барынша күшейту екені анық.

Соңғы рет Пекин мен Марракеш шарттарындағы халықаралық нормалардың сәтті енгізілуінен кейін, Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымының (WIPO) басқа да жобаларын жүзеге асыруға көңіл бөлінді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, 2014 жылғы қарқынды консультациялардан соң, Еуропалық Комиссия «Біртұтас цифрлық нарық» стратегиясын қабылдаған еді. Оның аясына авторлық құқыққа қатысты біршама маңызды реформалар енді. Олардың кейбіреуі жүзеге асты, ал кейбіреуі әлі аяқталған жоқ. Оның ішіндегі ең маңыздысы – Комитет 2016 жылдың қыркүйегінде жариялап, ЕО заң шығару органдарында, атап айтқанда, Еуропа Кеңесінің жұмыс тобы және әртүрлі парламенттік комитеттердің елегінен өткен Авторлық құқық және Біртұтас цифрлық нарық жөніндегі Директиваның жобасы. 2015 жылғы Біріңғай



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқыққа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

цифрлық нарық стратегиясы «контент тұтынымын шекаралық шектеулерге қарамастан, біздің бай мәдени әртүрлілігімізге негіздей отырып, шығармашылық пен инвестицияға ынтыландыратын авторлық құқықтың барынша келісілген режимін» түзуге үміттендірген еді. Біріккен Корольдіктер, көпшілік күткендей, Еуропалық Одақтан шықса, оның заңдары қай бағытта дамיתыны туралы сұрақ туындайды. Бір жолы - Америка Құрама Штаттары сияқты ортақ заңдарға бағынатын елдермен бірігу. Оны «адал пайдалану» айрықша жағдайын енгізу немесе droit de suite заңын алып тастау арқылы жүзеге асыруға болар еді.